

А. Қ. ИБРАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ІІО ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АҒА ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ, ПОЛИЦИЯ ПОДПОЛКОВНИГИ

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларын дайындаудың әдістемелік негіздері

Аннотация. Осы мақалада кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторын біліктілікті арттыру курстарында оқытудың әдістері қарастырылған

Түйін сөздер: кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандар, кәсіби дайындық, біліктілігін арттыру, тәжірибелік және оқу сабақтары.

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты өзінің Жолдауында білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарына мән бере отырып, бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек екендігіне, мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамын іріктеу және кәсіби даярлықтың жетілдірілген әдістемелерін енгізу арқылы сапалы түрде жақсартуымыз керектігіне тоқталып өтті¹.

Сондай-ақ, Елбасы «Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет – 100 нақты қадам ұлт жоспары» атты бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадамды айқындады. Бұл құжатта құзыреттілік тәсілі негізінде полиция қызметкерлерін іріктеу жүйесін жетілдіру, тұлғалық қасиеттері мен кәсіби біліктілігін тексеру үшін ішкі істер органдарына үміткерлер мен қызметкерлерді тестілеудің арнайы жүйесін енгізу ұсынылды². Сондықтан қазіргі таңда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінің аса маңызды стратегиялық бағыттарының бірі — Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары (әрі қарай — ҚР ІІО) қызметкерлерін дайындау және қайта дайындаумен байланысты.

Осы құжаттардағы жүктелген міндеттерді орындау Ішкі істер органдарының ведомстволық жоғары оқу орындарымен қатар, арнайы алғашқы оқыту орталықтарында білім беру сапасын арттыру мен білім берудің жаңа әдістерін іздестіруде үлкен жауапкершіліктер жүктейді. Мұнда қабылданған қызметкерлер өз саласында сапалы жұмыс істеуге әзір, білікті, кәсіби қызметкерлер болып шығулары қажет. Себебі, Ішкі істер органдарына, оның ішінде әкімшілік полициясы бөліністеріне қызмет етуге Қазақстанның жоғары ведомстволық оқу орындарын бітірушілермен қатар, басқа да жоғары оқу орындарын бітіруші мамандар да қабылданатыны белгілі. Оның көпшілігі кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністерге қабылданатын заңгерлік мамандықты емес, педагогикалық мамандықты меңгергендер³.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 11-бабына сәйкес құқық қорғау органдарына қатардағы, кіші және орта басшы құрам лауазымдарына бірінші рет тұратын адамдар құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында арнайы бастапқы оқытудан өтеді⁴.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларын (әрі қарай — КТДЖУПИ) кәсіби дайындау мен қайта дайындауды жетілдіру мәселесін талдау, — оның күрделілігі мен әртараптылығын дәлелдейді.

Бұл мәселені шешудегі маңызды рөл — кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының біліктілігін арттыру жүйесіне тиісті. Оның негізгі мақсаттарына тыңдаушыларды ғылым мен еңбекті ұйымдастырудың соңғы жетістіктерімен,

ішкі істер органдары бөліністерінің жағымды тәжірибесімен таныстыру; құқық қорғау органдары қызметінің заңның үстемдігіне, қоғам мен азаматтарға қызмет етуге, тұлғаға сыйластықпен қарауға, соның ішінде кәмелетке толмағандарды тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталуымен сипатталатын жаңа үлгісіне көшуді қамтамасыз ету болып табылады.

Мұнымен қоса, қолданыстағы біліктілікті арттыру мен оқу бағдарламаларының мазмұнын талдауы оларда учаскелік полиция инспекторларын кәсіби дайындауға жеткілікті көңіл бөлінбейтіндігін көрсетті.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді, заманауи зерттеулер мен өз зерттеулерімізді зерделеу кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының, кәмелетке толмағандарды тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша жұмысында кәсіби деңгейін арттыру жолдарының бірі — олардың ғылыми-педагогикалық дайындығын жетілдіру жүйесін тыңғылықты жасау болатындығын көрсетті.

ПО қызметкерінің кәмелетке толмағандармен жұмыс жасаудағы педагогикалық дайындығының құрылымы кәсіби дайындық әдістемесін, заманауи ғылыми-тәжірибелік дидактикалық мәліметтер мен тәрбиелеу көзқарастарының ғылыми негізделген тұжырымдамасын қамтиды.

Учаскелік полиция инспекторларын дайындаудың мақсаттарына кәмелетке толмағандармен жұмыс жасауда ішкі тұрақты ниеттерді қалыптастыру, балаларды жағымсыз жағдайда қорғау мен оларды ақтау қажеттігін түсіну, басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәмелетке толмағандармен жұмысының заманауи тәжірибесін, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу теориясы мен әдістемесін, ювеналды технологияларды, кәмелетке толмағандардың психологиялық және жас ерекшеліктерін білу, педагогикалық және ювеналды технологияларды, кәмелетке толмағандармен қарым-қатынас жасауды игеру болып табылады.

Біліктілікті арттыру мақсаты — біліктілік деңгейіне талаптардың жоғарлауы мен кәсіптік міндеттерді шешудің заманауи әдістерін игеру қажеттігіне байланысты ішкі істер органдары қызметкерлерінің теориялық және тәжірибелік білімдерін жаңарту болып табылады. Мұнымен бірге қызметкерді дайындау, негізінен, балаларды тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау теориясы мен тәжірибесі саласындағы кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру ниетімен байланысты.

Жүргізілген өтуі барысында әр тыңдаушы білім беру үрдісін жүргізудің технологиялары бойынша теориялық білімдерін ескере отырып, сабақты нақты тақырып бойынша модельдеу мүмкіндігін алатын талдау дәрістік, семинар, тәжірибелік және кеңес беру нысандарының үйлесімділігі негізіндегі біліктілікті арттыру анағұрлым тиімді екенін көрсетті.

Бұл қызметке білім берудің өзіндік арнайы қызметтері бар келесідей нысандары мен әдістері анағұрлым сәйкес келеді. Репродуктивті әдістері бар дәрістер, олар шектеулі көлемде қолданыстағы заңнамадағы жаңашылдықтарды хабарлау және тәжірибелік білімдер, қабілеттер мен біліктіліктерді беру үшін қолданылады. Дәрістер, семинарлар мен пікір-таластар, құқық қолдану жағдайын талдау, зерттеу сипатындағы міндеттерді орындау – білім алушы учаскелік полиция инспекторының кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан қорғау саласындағы ізденушілік, шығармашылық қызметін ұйымдастыру үшін қолданылады.

Арнайы аудиториялар мен криминалистік полигондардағы сабақтарға, тәрбиелік іс-шараларға бару — теориялық және эмпирикалық білімдердің өзара байланысын қамтамасыз ету мақсатында қолданылады. Ал тәжірибелік сабақтар, іскерлік ойындар — тәжірибелік біліктіліктерін, қабілеттерін, жалпы және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында қолданылады. Тыңдаушылар арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастыру және аумақтық ішкі істер органдарынан мамандарды шақыру үшін қолданылады.

Зерттеу нәтижелері тыңдаушыларды оқытудың қысқа мерзімділігі, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының біліктіліктерін арттыру курстарында оқытылатын оқу пәндерінің кең ауқымы білімді бағалаудың Академия үшін стандартты жүйесін толық көлемде тиімді қолдануға мүмкіндік бермейді. Біздің

пікірімізше, мамандардың біліктіліктерін арттыру курстарында білім деңгейлерін бағалау мен білім алудың тиімділігі үшін тыңдаушылардың кәсіби білімдерінің өсуі деңгейі мен оқу материалдарын игеру деңгейін тестілік сауалнама және сұхбаттасу нұсқаларын қолдана отырып анықтау лайықтырақ болып табылады. Осыған орай, маман білімдерінің өсу деңгейі мен жаңа кәсіптік білімдерін маңыздандыруды, сондай-ақ, оқу уақытын тиімді қолдануды сипаттайтын көрсеткіштерден тұратын білім беру тиімділігін бағалау әдістемесін жасау қажет.

Оқытушы учаскелік полиция инспекторларының біліктіліктерін арттыру курстарындағы педагогикалық жүйесінің маңызды компоненті болып табылады. Корреляциялық талдау нәтижелері оқытушының оқу материалын баяндаудың ғылыми негізділігі, оқу сабақтарының тәжірибелік маңыздылығы, оқу материалын баяндаудың қызықтылығы, тыңдаушылардың сабақтардағы белсенділігі және олардың білім беруге қанағаттануы білім беру тиімділігіне айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетті. Максималды корреляциялық жолды талдау нәтижесінде материалды баяндаудың қызықтылығы мен қолжетімділігі, оқу сабақтарының тәжірибелік маңыздылығы сияқты оқытушы қызметін сипаттайтын көрсеткіштер біліктілікті арттыру курстарындағы оқу үрдісінің басқа да көптеген көрсеткіштермен өзара байланысты және оларға әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылатыны анықталды.

Резюме

В статье рассмотрены методы обучения участковых инспекторов полиции по делам несовершеннолетних на курсах повышения квалификации.

Resume

In the article are considered methods of training of local police inspectors for minors at advanced training courses

-
- ¹ «Қазақстан – 2050» стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
- ² Н. Ә. Назарбаев. Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет – 100 нақты қадам ұлт жоспары. [Электронды ресурс]: <http://egemen.kz/2015/05/20/63067>
- ³ Абылкасымова А. Ш. Болашақ әкімшілік полициясы қызметкерлерін алғашқы оқыту орталықтарында дайындаудың кейбір мәселелері // Передовой опыт и проблемы преподавания правовых дисциплин: современная концепция, практика, решения: Мат-лы международ. науч.-практ. конф., посвященной 80-летнему юбилею Р. Б. Кульжакаевой. — Караганда, 2013. — С. 28-30.
- ⁴ «Құқық қоғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6-қаңтардағы Заңы // Егемен Қазақстан, 2011. 19 қаңтар.